



Біздің зиялылар Астанада алғаш рет бас қосып, ондағы студенттеріміз облыс Әкімімен жүздесті

Облыс Әкімі Бердібек САПАРБАЕВ елордамыз – Астанада Шығыс Қазақстаннан шыққан зиялы қауым өкілдерінің шығармашыл жастармен кездесуіне қатысты. Сөйтіп, Шығыс Қазақстан облысы ел Тәуелсіздігінің 20 жылдығы қарсаңында тағы да тың бастама көтеріп, Абай, Шәкерім, Мұхтар сынды дана тұлғалар ізбасарларының басын алғаш рет Астанада қосты. Ондағы мақсат – Шығыстан шыққан талантты қаламгерлерді астаналықтарға кеңінен таныту.

Кездесуге қатысқандардың арасында есімдері елге танымал Қабдеш Жұмаділов, Шәрбану Бейсенова, Ұлықбек Есдәулет, Несіпбек Айтұлы, Серік Ғабдуллин, Әлібек Асқаров, Тұрсын Жұртбай, Тыныштықбек Әбдікәкімов, Сәдібек Түгел, Жанат Әскербекқызы, Дәулеткерей Кәпұлы, Қалқаман Сарин, Бауыржан Ердембеков, Айгүл Кемелбаева болды. Шығыс Қазақстанды еліміздің інжу-маржаны деп бекер айтпаған. Тамылжыған табиғат көрінісінде шабытпен оқылған өлең, шертілген күй, әуезді ән әдеби кештің реңін аша түсті.

Сондай-ақ, бұл кеште «Шығыс жұлдыздары»

кітабының тұсауы кесілді. Ел Тәуелсіздігінің 20 жылдығына арнап шыққан жаңа басылымға Шығыс Қазақстанның тума таланттары мен дарынды азаматтарының есімі енген. Жинақты шығаруды ұсынып, жобаға жетекшілік еткен – облыс Әкімі Бердібек САПАРБАЕВ.

Кездесу соңында аймақ басшысы Бердібек САПАРБАЕВ жас журналистердің арасында өткен «Топжарған» республикалық байқауының қорытындысын жариялады. Мұндай байқауды өңірлер арасынан алғаш ұйымдастырып отырған да біздің облыс. Енді бұл байқау жыл сайын дәстүрге айналмақ.

– Астанада кешті өткізіп отырғандағы мақсатымыз – елорда жұртшылығына біздің Шығыстан шыққан әдебиеттің, мәдениеттің жұлдыздарын көрсетіп таныстыру. Егер біз дамыған елдің қатарына қосыламыз десек, күллі әлем бізді танысын десек, әдебиетке, мәдениетке баса көңіл бөлуіміз қажет, – деді облыс Әкімі Бердібек САПАРБАЕВ кездесуде.

Сондай-ақ, кеше елорда жұртшылығы шығысқазақстандықтардың тағы бір бастамасының куәсі болды. Облыс Әкімі Бердібек САПАРБАЕВ Астанадағы Назарбаев университетінде шығысқазақстандық студенттермен кездесті. Мұндай шара да өңірлер арасында тұңғыш рет ұйымдастырылып отыр.

Шығыс Қазақстан облысы келешегінен үміт күттірер жастардың ілім-білімге құштарлығын арттырып, ынталандырып отыруды дәстүрге

айналдырған. Соңғы 4 жылда медициналық және педагогикалық мамандықта оқитын 864 студент облыс Әкімінің оқу грантына ие болды. Бұған 389 млн. теңге бөлініп отыр. 2010 жылы қосымша бірнеше мамандыққа грант бөлінген. Сөйтіп, биылғы оқу жылында 200 студент Әкімнің грантымен оқып жатыр.

Бүгінде Астана қаласының 30 жоғары және арнайы орта оқу орындарында 934 шығысқазақстандық тәлімгер білім алуда. Облыс Әкімімен жүздесуге 220 шығысқазақстандық жас шақырылды. Бұлар – алғыр, оқуда жақсы нәтиже көрсетіп келе жатқан студенттер. Кездесуге сонымен қатар Білім және ғылым министрі Бақытжан Жұмағұлов, Астана мен Шығыс Қазақстанның жоғары оқу орындарының ректорлары қатысты.

(Соңы 2-бетте)